

Тұлғаны қазақ күресі арқылы адамгершілікке тәрбиелеу

Бөжиг Ж., Сабанбаев Н.И.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

В статье рассмотрены актуальные аспекты роли национальных игр в этнопедагогике, этнокультуре Казахстана. Авторы указывают на важность создания национальной системы обучения и воспитания, сочетающейся с традиционными культурными ценностями, признания и обеспечения безусловного приоритета их для личности. Показано соотношение трансляции духовных ценностей и традиций культуры казахского народа с культурой других этносов республики. В статье отмечается, что общая физическая подготовка влияет на формирование целостной физической культуры специалиста современного общества.

In article are considered actual aspects dug the national games of etnopedagogike, in etnokultura Kazakhstan. In article authors point to importance of the making the national system of the education and education, combining with traditional cultural value, confession and ensuring the unconditional priority for personality, directed on realization этнокультурных request to personalities and society. The Authors indicate the correlation to translations of spiritual valuables and tradition «cultures of kazakh folk» with «culture other этносов republics». The Authors in article note that general physical preparation influence the holistic physical culture of the specialist modern society upon shaping.

Бүгінде қоғамдық қатынастардың нарықтық жағдайда қайта құрылумен байланысты жеке тұлғаны мәдени кеңістікте тәрбиелеп жетілдіріп қалыптастыру актуалды мәселе болып отыр. Бұл мәселенің философиялық, психологиялық және педагогикалық аспектілері бар. Рухани адамгершілікке тәрбиелеудің мақсаты жастардың белсенді өмірлік жолын, қоғамдық борышқа саналы көзқарасын, сөз бен істің бірлігін қамтамасыз етіп, адамгершілік нормаларынан ауытқушыларға жол бермеуді қалыптастыру болып табылады. Тәрбие өмірбақи үздіксіз жүретін үрдіс болса да, қазақ халқына жетілген тұлғаның сипатын «Сегіз қырлы бір сырлы» деген бір ауызбен түйіндеген. Өйткені адамның тәндік және жандық сипатын бірлікте қарастырған [1].

Қазақстан Республикасының дамуының стратегиялық «Қазақстан – 2030» Ел Президентінің Қазақстан халқының жолдауында Қазақстан азаматтарының денсаулығын, білімі мен әл-ауқатын арттыруға, экологиялық ортаны жақсартуға ерекше мән берілген. Демек, жас ұрпақтың денсаулығын нығайту, рухани адамгершілігін жетілдіру мәселелеріне тың көзқарастардың қажеттілігі туындауда. Сондықтан да ұрпақ тәрбиесіндегі көкейкесті мәселелердің бірі — жетілген тұлғаны тәрбиелеу.

«Адамға ең бірінші керегі білім емес, тәрбие. Тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне опат әкеледі», — деп әл-Фараби айтқандай [2], педагогика ғылымының зерттейтін негізгі категориясының бірі — тәрбие.

Тәрбиенің басты ұстанымдары — жалпы адамзаттық құндылықтары және тұлғаны өз халқының мәдениетін, әдебиетін, тілін, салт-дәстүрін сүю арқылы басқа халықтардың да тілі мен мәдениетіне құрметпен қарайтын тұлға қалыптастыру.

Қоғам адамгершілік тәрбиесіне қатысты мәселені шешу жауапкершілігін педагогқа жүктейді.

Жастарды жаңа заман талаптарына сай әрі озық ұлттық рухта тәрбиелеп, өмірге әзірлеу ұстаздар қауымының жауапты міндеті екені баршаға мәлім. Әрбір ұстаздың мақсаты мен міндетінің жүзеге асуы өз пәндерінен оқушыларға үздіксіз білім беру, әр сабақта ұлттық-рухани тәрбиені бойына сіңіріп отыруы жүйелі білім нәтижесінде қалыптасады. Ол үшін әрбір ұстаз жаңа озық педагогикалық

технологияларды пайдалана отырып, әр оқушының жеке басын құрметтеп, демократиялық қағидалар негізінде қарым-қатынас жасай білу керек.

Жалпы адамзаттық құндылықтар жеке тұлғаның өмірге келген сәтінен бастап, бірге дамиды, жасы ұлғайған сайын қоршаған ортасына сәйкес бірге қалыптасады.

Қоғамдағы рухани құндылықтардың табиғаты, мәні және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеулердің адамгершілік пен рухани мәселесімен тікелей байланысты қарастырылып, осы күнге дейін күн тәртібінен түспеуі жеке тұлғаның рухани-адамгершілігін дамытудың аса қажеттілігін байқатады. Өйткені оқыту-тәрбие үрдісінде жастардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру мәселелері көптеген ғылыми зерттеулерге арқау болған. «Адамгершілік» ұғымының педагогикалық термин ретінде ғылыми тұрғыда қалыптасқан өзіндік мағынасы бар. Ал «рухани» ұғымның мәні әр түрлі элементтерді, салаларды қамтитыны белгілі. Бірақ бұл ұғым осы кезге дейін педагогика ғылымы саласында категориялық деңгейде анықтамаға ие бола қойған жоқ.

Қазақстан Республикасының «Ұлттық энциклопедиясында» «адамгершілік» ұғымына былай деп анықтама берілген: «Адамгершілік — адам бойындағы гуманистік құндылық, әдеп ұғымы». «Кісілік», «ізгілік», «имандылық» тәрізді ұғымдармен мәндес. Халықтық дүниетанымда мінез-құлықтың әр түрлі жағымды жақтары осы ұғымнан таратылады. Мінез-құлық пен іс-әрекеттерде көзге түсетін төмендегідей адамгершілік белгілерін атап өтуге болады: адамды қастерлеу, сыйлау, сену, ар-ұятты сақтау, имандылық пен рақымдылық, ізеттілік пен кішіпейілділік, әділдік, қанағатшылық, отанға деген сүйіспеншілік т.б. [3].

Қай заманда, қай қоғам өмірінде болмасын жастар тәрбиесі ойшылдар мен зерделі зиялылардың толассыз толғанып, үздіксіз іздестіріп отырған мәселе екені даусыз. Өткен ғасырдағы педагогика тарихына көз жіберсек, әл-Фараби, ибн Сина, Фирдоуси, Ж.Баласағұн, Я.А.Коменский, И.Г.Песталочий, К.Д.Ушинский, А.С.Макаренко, Л.Н.Толстой, Ы.Алтынсарин, Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев сияқты ойшыл, оқымысты ғалымдардың бірде-бірі рухани адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мен дамытудың мәні мен маңызына көңіл бөлмей өткен емес. Жастардың тұлғалық қасиетінің қалыптасуы оның жеке бас мәдениетінің негізін құрайтын рухани құндылықтар жүйесін менгерумен тығыз байланысты. Мұндай құндылықтарды білім беру мүддесіне енгізудің жалпы адамзаттық мәні үлкен. Яғни білім беру мазмұнын ізгілендіру тұлғаның рухани құндылықтарды саналы таңдауын қамтамасыз етеді. Жалпы адамзаттық құндылықтарды тұлға тек санасымен, рационалды ойлауымен ғана емес, ең алдымен сезіммен қабылдайды.

Ендеше, жеке тұлғаның рухани адамгершілігін дамыта оқыту адамға жоғарғы құндылық ретінде саналы қатынасын көрсететін адамгершілік қасиеттерінің бірлігін білдіреді.

Жалпы адамзаттық тұрғыдан қарағанда тәрбие мақсаты — әрбір тұлғаны жан-жақты және жарасымды етіп тәрбиелеу. Мұндай мақсатқа бағытталған педагогтық жұмыс еңбек сүйгіштікке, ізгілікке, ұжымдық пен патриотизм бастамасына тәрбиелеуге, көп дүниені өз қолымен жасай алуды және жасалған дүниеге қуана білуді дамытуға, үлкендер еңбегінің нәтижесін бағалауға тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды. Тәрбиенің негізгі мақсаты — дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу. Руханилық — жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші. Руханилықтың негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасады, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Мұның өзі мейірімділікке, ізгілікке шақырады.

Рухани-адамгершілік тәрбие — бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады.

Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс-әрекетін анықтайды.

Сананың қалыптасуы ол тұлғаның мектепке бармастан бұрын, қоғам туралы алғашқы ұғымдарының қалыптасуына, жақын адамдардың өзара қатынасынан басталады. Баланы жақсы адамгершілік қасиеттерге, мәдениетке тәрбиелеуде тәрбиелі адаммен жолдас болудың әсері күшті екенін халқымыз ежелден бағалай білген.

Адамгершілік — адамның рухани байлығы, болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханият дәуіріне жаңа қадам болып табылады. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі адамдық тәрбие болып табылады. Ол тұлғаның қоғамдық бағалы қасиеттері мен сапалары, қарым-қатынастарында қалыптасады. Адамгершілік қоғамдық сананың ең басты белгілерінің бірі болғандықтан, адамдардың мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасы, көзқарасымен сипатталады. Олар адамды

құрметтеу, оған сену, әдептілік, кішіпейілдік, қайырымдылық, жанашарлық, ізеттілік, инабаттылық, қарапайымдылық т.б.

Адамгершілік — ең жоғары құндылық деп қарайтын жеке адамның қасиеті, адамгершілік және психологиялық қасиеттерінің жиынтығы.

Адамгершілік тақырыбы — мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру — ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы — халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді.

Осы орайда қазіргі кезде оқу үрдісін ізгілендіруге, оқытудың тәрбиелік сипатының басымдылығына, жастардың тұлғалық өсуіне, руханилығына, оның ішінде жастарды тәрбиелеу ісінде күрес өнерінің бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне қажеттілігі нақты сезілуде. Тұлғаны қалыптастыруда рухани-адамгершілік қайнарын сіңіріп, рухани дүниесі бай, мінез-құлқын тәрбиелеуге, жалпы адамзаттық құндылықтарды, адамгершілік қағидалар мен мақсат-мұраттарды ғұмыр бойы басшылыққа алып, өмір сүретін тұлға қалыптастыруға жағдай жасау қазіргі қоғамдағы көкейкесті мәселелердің біріне айналды.

Қазақстанда толық жетілген тұлғаны тәрбиелеу және соған байланысты әлеуметтік-экономикалық, психологиялық мәселелер күннен күнге күрделене түсуде. Осыған орай, бүгінгі күні әрбір ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында ізгілік, яғни адамгершілік, қасиеттері шешуші фактор болуы заңдылық. Жеке тұлғаны рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудың маңызды педагогикалық міндеттері — жастардың белсенді өміршілік позициясын, қоғамдық борышқа сапалық көзқарасын, сөз бен істің бірлігін, адамгершілік идеяларынан ауытқымай ата-анаға, ұжымға, қоғамға, отанға, еңбекке деген қатынасын айқындау [4].

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы — өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Ұрпақ тәрбиесі — келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу — біздің де қоғам алдындағы борышымыз.

Адамгершілік тәрбиесінің әрқайсысының ерекшеліктерін жетік білетін ұстаз халық педагогикасын ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыпты жан-жақты терең білумен қатар, өркениетті өмірмен байланыстыра отырып, білім берудің барлық кезеңдерінде пайдаланғаны дұрыс. Ата-ананың болашақ тәрбиесі үшін жауапкершілігі ұрпақтан ұрпаққа жалғасуда.

Жеке тұлғаның бойындағы жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуы осы бағытта жүзеге асады, сөйтіп оның өзі-өзі тануына, өзіндік бағдарын анықтауына мүмкіндік туғызатындай тәлім-тәрбие берілуі керек.

Жақсы адамгершілік қасиеттердің түпнегізі отбасында қалыптасатыны белгілі. Адамгершілік қасиеттері ізгілікпен ұштасады. Әсіресе еңбекке деген тұрақты ықыласы бар және еңбектене білуде өзін көрсететін балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу басты міндет болып табылады.

Адамгершіліктің негізі мінез-құлық нормалары мен ережелерінен тұрады. Олар адамдардың іс-қылықтарынан, мінез-құлықтарынан көрінеді, моральдық өзара қарым-қатынастарды басқарады.

Отанға деген сүйіспеншілік, қоғам игілігі үшін адам еңбек ету, өзара көмек, сондай-ақ қоғамға тән адамгершіліктің өзге де формалары — бұл сананың, сезімдердің, мінез-құлық пен өзара қарым-қатынастың бөлінбес элементтері, олардың негізінде қоғамымыздың қоғамдық-экономикалық құндылықтары жатады. Тұлғаның өмірге белсенді көзқарасының бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленеді.

Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланады.

Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру үдірісінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады.

Тәрбиелі ұстаз шәкірттерге жан-жақты тәрбиені осы рухани-адамгершілік қасиеттерінен бастайды. Себебі бұл адамгершілік сезімін, сенімін, белгілі мақсатқа жетелеу іс-әрекетін ұйымдастыруды жетілдіреді. Сонда ғана ұстаз шәкірттердің ізгі ниеттілігін, адалдығын, кішіпейілдігін қалыптастырады.

Жеке тұлғаны адамгершілікке тәрбиелеуде ұлттық педагогика қашанда халық тәрбиесін үлгі тұтады. Ал адамгершілік тәрбиелеудің бірден-бір жолы — осы іске көзін жеткізу, сенімін арттыру.

Осы қасиеттерді жеке тұлғаға жасынан бойына сіңіре білсек, адамгершілік қасиеттердің берік іргетасын қалағанымыз. Адамгершілік — адамның рухани арқауы. Өйткені адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиетімен, адамдығымен, қайырымдылығымен ардақталады. Адам баласының мінез-құлқына тәрбие мен тәлім арқылы тек білім мен ақылды ұштастыра білгенде ғана сіңетін, күдіретті, қасиеті мол адамшылық атаулының көрінісі болып табылады. Сондықтанда қазақ күресі арқылы жеке тұлғаның рухани-адамгершілік тұрғысынан кемелденуіне аса мән берген жөн.

Дене тәрбиесі және спорт бағыттарын белгілей отырып, Қ.І.Адамбеков, А.О.Аяшев, З.И.Кузнецов, М.Б.Сапарбаев, Б.А.Гейнц, А.С.Жұманова, Б.У.Әлімханова, В.Н.Платонов, Қ.А.Құланов сынды ғалымдар өз еңбектерінің педагогикалық негізі ретінде оқушы жастардың дене тәрбиесі дайындығын бақылаған.

Өйткені қазақтың ұлттық қимыл-қозғалыс және спорт ойындары, жоғарыда аталған авторлардың ойынша, халықтық педагогиканың бірден-бір құралы бола отырып, жастардың жігерлік қасиеті мықты, іскерлігі жоғары, дене күші ақылына, ақылы дене күшіне сай адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеуге мүмкіндік туғызады [5].

Жеке тұлғаны қазақ күресі арқылы рухани-адамгершілікке тәрбиелесе, онда қоғамның әлеуметтік қажеттілігін өтейтін рухани бай тұлға қалыптасуына игі ықпал етеді. Бұл идея адам бойында жалпы адамзаттық құндылықтарды дамытып, қалыптастыруды ғылыми және практикалық тұрғыда зерттеп, оның әдістемесін жасау мақсатын туғызды.

Педагогикада жеке адамның дамуы деп оның жүйке жүйесіндегі функционалдық мүмкіншіліктерін, психикалық процестерінің, адамгершілік қасиеттерінің, білімінің, көзқарасының, оқу қабілетінің материалдық және рухани байлықты игерудің және сол байлықты келешекте жасаудың даму тарихын айтады.

Қазақ халқының ұлттық спорт ойындарының бірі болып табылатын қазақ күресіне деген жасөспірім-жеткіншектердің қызығушылығы күннен күнге артып отыр. Себебі қазақ күресі қарқынды дамып келе жатқан спорт түрі болуымен қатар, қазақ халқының ұлттық құндылықтарын өз бойына сіңірген жастарды адамгершілікке тәрбиелеуде орны ерекше төл өнеріміз.

Палуанның жеке басын жан-жақты келісті дамытуға, еңбек әрекеттеріне толық даярлануға, спортты алға шығаруға өз үлесін қосуға және тағы басқа талпыныстар болады. Мұндай себептер спортқа тәрбиелеудің бүкіл жүйесінің өзекті мәселесі болып табылады. Спорттық қызметті, спорттық-этикалық тәрбиені «спорттық» сипатта тәрбиелеудің және тағы басқа дәлелдеу мәселелері осы негізде шешімін табады. Спорт қызметі адам өмірінде маңызды орын ала отырып, оның адамгершілікке тәрбиелеудегі және өзін-өзі тәрбиелеуде негізгі факторларының біріне айналады. Ол сонымен бірге тәрбиелеудің күрделі мәселелерін ұсынады.

Істің мәні мынада: спорттың жеке басты қалыптастыруды іске асыруы таза педагогикалық өрістен гөрі, ерекше басаралық қатынас жағдайларында атқарылады. Қазақ күресі арқылы тәрбие беру тұлға бойындағы жалпы адамзаттық құндылықтарды, қайырымдылықты, сүйіспеншілікті, мейірімділікті, ізеттілікті, махаббат сезімдерін, үйлесімді қарым-қатынасқа түсуін, шынайылықты, төзімділікті т.б. қасиеттерді қалыптастыру болып табылады [6].

Қазақ күрестің жеке тұлғаның адамгершілік келбетіне болуы тұрғысында қарастырылатын ықпалы тек дұрыс немесе теріс факторлар ретінде ғана бағаланбайды. Оның нақты тәрбиелік әсері спорт қызметін әлеуметтік-ұстаздық жағдайда ұйымдастыруға шешуші шамада байланысты болады.

Палуанның жеке басын бағыттай қалыптастыру — әлеуметтік тәрбиелеу жүйесінің көптеген факторлары мен буындарының, соның ішінде отбасының, ұжымның, ұстаздардың, тәрбиелік қызметі жүзеге асыратын ұйымдармен адамдардың бірлесе әрекет ету нәтижесі. Жаттықтырушы толық және дәл мағынасында тәрбиеші бола отырып, өзінің тәрбиешілік қызметін тек палуанның машықтану және жарыс кезіндегі мінез-құлқына басшылық етумен ғана шектелмейді. Ол палуанның негізгі рухани тәлімгерлігінің бірі болады, ақыл-ойы мен мінез-құлқы көбінесе қалыптасады, ол палуанның жеке тұлға ретінде қалыптасуының барысындағы барлық әрекеттерге маңызды ықпал жасай алатынын ескеру керек. Жаттықтырушының алғашқы тәрбиелік міндеті спортшының ең алғашқы себептеріне, қызығуына және мұқтажына сүйене отырып, жоғарғы мақсатқа және қатаң адамгершілік имандылыққа негізделген терең сезімді ұмтылысын дамытудан тұрады. Жаттықтырушы-мұғалім бірінші кезекте спортшының, ал содан кейін рекордсменнің тәрбиешісіне айналуы керек. Бұл кезде тәрбиенің ең мықты құралы спортшы педагогтың жеке басына қатысты болады, яғни оның адамгершілік мәдениеті жоғары деңгейде болуы керек.

Спорттық бәсекелер палуанның спорттық этикаға берілгендігін аса ұтымды формасы мен тексеруі болып табылады, ол күрес спорттық жарыстардың этикалық тәрбиелеуіндегі рөлін анықтайды.

Күрес этикасы дегеніміз палуандардың өзара қарым-қатынастары, жаттықтырушы мен жаттығушылар арасындағы байланыс, дайындық кезіндегі палуанның өзін-өзі ұстауы, ұжыммен тіл табыса алуы, сонымен қатар жарыс барысындағы сәлемдесуі, төрешімен сыйластығы сияқты көп факторлы жағдайларды қамтиды. Осының өзінен-ақ күрес өнерімен шұғылданушы палуандарды азаматтық тұрғыда жан-жақты тәрбиелеуге толық мүмкіндік бар дей аламыз.

Рухани-адамгершілік тәрбиесінде алдымен баланы тек жақсылыққа, қайырымдылық, мейірімділік, ізгілікке тәрбиелеп, соны мақсат тұтса, ұстаздың, ата-ананың да болашағы зор болмақ. «Мен үш қасиетті мақтан тұтам», — депті Ақан сері. Олар: жалған айтпадым, жақсылықты сатпадым һәм ешкімнен ештеңені қызғанбадым [7].

Бұл үш қасиет — әркімнің өз құдайы. «Өз құдайынан айырылған адам бос кеуде, өлгенмен тең» деген екен. Шындығында бұл ақиқат. Олай болса, жеке тұлғаны қалыптастыруда, олардың жан дүниесіне сезіммен қарап, әрбір іс-әрекетіне мақсат қоюға, жоспарлауға, оны орындауға, өзіне-өзі талап қоя білуге тәрбиелеу — адамгершілік тәрбиенің басты мақсаты. Мақсатқа жету үшін сан алуан кедергілер болуы мүмкін. Ондай қасиеттерді бала бойына жас кезінен бастап қалыптастыру жеке тұлғаны қалыптастырудың негізін қалайды.

Әдебиеттер тізімі

1. *Әл-Фараби*. Философия трактаты. — Алматы, 1970.
2. *Қалиев С.* Педагогикалық зерттеулер арқылы мәдени кеңістікте жеке тұлғаны тәрбиелеп қалыптастырудағы мектеп пен отбасының және қоғамдық ұйымдардың мүмкіндіктерін кіріктірудің жолдары // Ұлт тағылымы. — 2001. — № 3. — 23–27 б.
3. *Утебаева А.Т.* Жеке тұлғаны рухани-адамгершілікке тәрбиелеу // Хабаршы. — Бастауыш мектеп және дене мәдениеті сер. — Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2006. — № 1. — 70–72 б.
4. *Майгаранова Ш.* Жетілген тұлғаның сипаты // Бастауыш мектеп. — 2001. — № 1, 2. — 19–22 б.
5. *Аманбаев Р.Р.* Спорт теориясы мен әдістемесінің жалпы негіздері: Оқу құралы. — Алматы: КазГАСТ, 2006. — 107 б.
6. *Қаражанов Б.К., Аманбаев Р.Р., Қалдыбаев М.К.* Дене тәрбиелеу мәдениеті және спорт ілімі мен методикасының түсініктері. — Алматы: Ғылым, 1992. — 123 б.
7. *Рахметова С.З.* Адамгершілік-рухани тәрбиенің маңыздылығы // Бастауыш мектеп. — 2008. — № 5. — 5–8 б.

УДК: 371 -47

Научные подходы к определению толерантности

Улдарина Л.М.

Семейский юридический колледж МВД Республики Казахстан

Мақалада толеранттылықты анықтаудың ғылыми жолдары медицина, математика, логика, саясаттану, философия, әлеуметтану, психология ғылымдарының көзқарасынан жеткілікті зерттеледі. Автор толеранттылықты анықтаудың педагогикалық тәсіліне маңызды көңіл бөледі. Сондай-ақ Қазақстан, Қырғызстан, Ресей педагогтарының зерттеулеріне сүйеніп, қорытынды бөлімінде «толеранттылық» ұғымына өзінің ой анықтамасын келтіреді.

The scientific approaches to the definition of tolerance are analyzed in the article. The approaches from the point of medicine, mathematics, logic, politology, philosophy, sociology, psychology are considered thoroughly. A significant attention is paid to the pedagogical approach to the definition of tolerance by the author. The author relies on the researches of Kazakhstan, Russian, Kyrgyzstan teachers. In conclusion the proper understanding of the term 'tolerance' is given.

Понятие «толерантность» используется в различных отраслях знания. Важно выяснить, имеем ли мы дело с терминологической общностью (использованием одного и того же термина в самых различных науках) или с понятием, отражающим некоторое общее содержание. Что касается терминологической стороны вопроса, то слово «толерантность» имеет очень широкое применение. В